



@ILE\_AKIMAT  
@ILE\_TANY



№48 (5104)

Алматы және Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

22

қараша (жұма)  
ноября (пятница)

2024

жыл  
год

Алматинская-Жетысуская областная  
общественно-политический еженедельник



Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында дүниеге келген. 1997 жылы Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Өнер-кәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша, ал 2004 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Жамбыл облысында «Жамбылагропромстрой» АҚ құрылыс учаскесінің бригадирі қызметінен бастаған.

Әр жылдары түрлі жауапты лауазымдарда жұмыс істеді:

Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы «Сарыарқа» ауыл шаруашылығы кәсіпорнының вице-президенті, Алматы қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасында ғимараттарды реконструкциялауды және қайта жоспарлауды бақылау бөлімдерінің бас маманы мен басшысы, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті директорының орынбасары, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау департаментінің бастығы.

Алматы қаласы Ала-

## ІЛЕ АУДАНЫ БАЙСЕРКЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Байсерке ауылдық округі сайлаушылары қолдап, Тоғызбаев Мұрат Бақытжанұлы Байсерке ауылдық округі әкімі лауазымына тағайындалды.

Мұрат Бақытжанұлы 1978 жылы туылған. Ол Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «қаржы және несие, салық ісі» мамандығы бойынша, сондай-ақ Орталық-Азия университетін «құқықтану» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 1995 жылы «УМР-2» ЖШС жүргізушісі болып бастаған Мұрат Бақытжанұлы мемлекеттік қызметке 2001 жылы Алматы облысы Іле ауданы бойынша салық комитетінде бас маман-бас салық инспекторы лауазымынан кірісіп, әртүрлі қызметтер атқарған.

Өзінің еңбек жолында Ақмола облысы бойынша салық департаментінің Салық аудит басқармасының бастығы, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаментінің қызметтерін атқарып, 2012 жылдан бастап Іле ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы болды.

2016 жылдан бастап Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы облысы бойын-



ша департаментінде түрлі жауапты қызметтерді атқарып, 2024 жылдан бастап Іле ауданының құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы қызметін атқарған.

## ІЛЕ АУДАНЫ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігінің және Іле ауданы мәслихаты депутаттарының келісімі бойынша, Алматы облысы әкімінің өкімімен Қайыржан Серікбайұлы Жақсымбетов Іле ауданының әкімі болып тағайындалды.

Қайыржан Серікбайұлы 1975 жылы

тау ауданы әкімінің орынбасары, Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары, Алматы облысы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы қызметтерін атқарды.

## АЩЫБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ЖАҢА ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімі лауазымына тағайындалды.

Бахтияр Кеңесұлы туралы ақпарат:

Туған жылы: 1993 жыл

Туған жері: Алматы облысы, Іле ауданы, М.Түймебаев ауылы

Білімі:

2015 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолы: Еңбек жолын «Ақсай Тас - Кум» ЖШС-де кеңсе бөлімінің маманы болып бастады. Әр жылдары:

«КазАвтоТехосмотр» ЖШС – кеңсе бөлімінің басшысы;

«Іле ауданы Ащыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – жетекші маман;

ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде – сарапшы;

ҚР Энергетика министрлігі мен Экология министрлігінде – бас сарапшы және басқарма басшысы қызметтерін атқарған. 2019-2023 жылдары ҚР Экология министрлігінің түрлі басшылық лауазымдарында қызмет еткен.

2023 жылдың 15 қарашасынан бастап, Ащыбұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарған.



Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес, Ащыбұлақ ауылдық округі сайлаушылары қолдау көрсетіп, Қасымбеков Бахтияр Кеңесұлы

6 бас асыл тұқымды ірі қараны тегін берді. Жоба бойынша жем-шөп те тегін беріп, тіпті қора-жай да салынған. Бір жылдан кейін олардың төлдерін келесі мұқтаж отбасыларға беру көзделген. Ең көп төл алған отбасы 10 миллион теңге сыйақы алады. Бұл жобаға еліміздің Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова бастау беру үшін ауылымызға арнайы келген», – деді ол.

Ал форумда 18 жыл үш ауылдық округте әкім болған ардагері Асыл Байтулақов қазіргі заманғы әкімдерге артылатын жауапкершілік пен әлеуметтік желілердің олардың жұмысына әсері туралы пікірін бөлісті.

«Халықтың тірлігін, жұмысымызды жеңілдетуге мүмкіндік беріп отырған ақпараттық технологиялардың дамуы, қалыптасқан ашық ақпараттық қоғам түрлі қиындықтар туындатуда. Әлеуметтік желі дамығаннан бері әкімдердің жұмысын оңды-солды негізсіз сынау, ар-намысына тию жағдайлары көп. Кейбір жас азаматтар осын-

дай қоғамдық қысымға шыдамай жұмыстан кетіп жатқандары да естіп жүрміз. Мұндайға тосқауыл болу керек сияқты», – деді ол.

Форумның екінші бөлімінде «Қарызысз қоғам», «Жер аманаты», «Ауыл аманаты» жобаларын іске асыру барысы туралы семинарлар өткізілді. Панельдік сессиялар барысында ауыл әкімдері мен сала мамандары тәжірибе алмасып, өзекті мәселелерді талқылады.

Іс-шара соңында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар белсенді ауылдық округ әкімдеріне Алматы облысының әкімі және «AMANAT» партиясының алғыс хаттары тасбысталды.

Айта кету керек, облыста 373 елді мекеннен тұратын 131 ауылдық округ бар. Аталған ауылдық округ әкімдерінің 122-сін халық сайлаған. Оның 74% «AMANAT» партиясының мүшелері.

Өз тілшіміз

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ ФОРУМЫ ӨТТІ

Іс-шара «AMANAT» партиясының бастама-сымен ұйымдастырылды. Форумға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, құқық қорғау органдарының, департаменттер мен басқармалардың басшылары, аудан әкімдері, мәслихаттардың төрағалары, ауылдық округ әкімдері, партияның депутаттық фракция жетекшілері мен мүшелері қатысты. Шараның мақсаты – ауыл әкімдерінің институтын нығайтып, беделін арттыру.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев форумның ашылуында әкімдердің жұмысы ауыл тұрғында-

дағы басты міндеттері туралы сөз сөйледі. Сондай-ақ ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында ауылды дамытуға ерекше көңіл бөлгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешінің ауыл тұрғындарының әл-ауқатына тікелей әсер ететінін ерекше айтып, инфрақұрылымды жаңғырту, агротехнологияларды енгізу, жаңа өндіріс орындарын ашу сияқты маңызды міндеттерді алға қойды. «AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдері бұл бағытта халықтың сенімін ақтайды деп сенеміз. Форумда айтылған ұсыныстар әкімдердің жұмысына жаңа серпін беретіні анық. Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірге «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызысз қоғам» сияқты жобаларды іске асырып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстарды атқарып келеді. Мысалы, Алматы облысында «Ауыл аманаты» жобасы аясында 8,3 миллиард теңгеге 1091 шағын несие берілді. Бұл мындағы ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Әкімдер осы жобаларды тиімді жүзеге асырып, партия құндылықтарын халыққа жеткізетін тұлғалар болуы тиіс», –

партия хатшысы.

Әкімдер де өздерінің ауылдарындағы мәселелер мен жетістіктерді ашық айтып, тың шешімдер ұсынды. Мәселен, Ақсәңгір ауылдық округінің әкімі Ержан Қасымшалов су және газ мәселелерін шешу жолында жеткен жетістіктерімен бөлісті. Ол округте соңғы жылдары үш жаңа мектеп салынғанын, сондай-ақ Жайсан мен Ақсәңгір тұрғындары таза ауыз сумен толық қамтылғанын айтты.

Сонымен қатар округте іске асқан ерекше әлеуметтік жоба форумның басты назарында болды. Ауыл әкімі Ержан Қасымшалов ауыл тұрғындарына көмектесу бағытындағы бұл бастаманы мақтанышымен жеткізді.

«Қиуа+» қоғамдық бірлестігі аз қамтылған үш отбасыға 30 бастан 90 бас қой мен 2 бастан



рының өмір сапасына қалай әсер ететініне ерекше тоқталды.

«Бүгінде өңір халқы 1,5 млн адамды құраса, оның 81% ауылдарда тұрады. Олардың өмір сапасы, әлеуметтік жағдайы, инфрақұрылымы – сіздердің жұмыстарыңыздың тікелей нәтижесі. Ауыл әкімдері тек мемлекеттік бағдарламаларды орындаушы ғана емес, халықтың сеніміне ие көшбасшы болуы тиіс. Біздің міндетіміз – әкімдерге қажетті ресурстар мен мүмкіндіктерді беру. Сондай-ақ әкімдер өздеріне сеніп тапсырылған елді мекендердің экономикалық дамуын қамтамасыз етіп, жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыруы тиіс», – деп атап өтті.

Форумда «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев партияның ауылды дамыту-

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ALG Company» АҚ барлық мүдделі тұлғаларды 02.12.2024 ж. 10 жұмыс күні ішінде мекенжай бойынша Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеева 10Е көшесі <https://ecportal.kz> порталында «Дәрілік заттарды кедеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізу туралы хабарландырады. Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «ALG Company» АҚ, БСН 130640017180, заңды мекенжайы: 050011, ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 258В. Толық ақпаратты +7 707 336 60 77 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарымен қабылданады.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы e.mail: 329267eco@mail.ru Пошта мекенжайы: 040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Байланыс телефондары: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «ALG Company» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 02.12.2024г. в течении 10 рабочих дней. на портале <https://ecportal.kz> состоится Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», по адресу Алматинская область, Илийский район, поселок Боралдай, ул Менделеева 10 Е. Заказчик и разработчик проекта: АО «ALG Company», БИН 130640017180, юридический адрес: 050011, РК, город Алматы, Турксібский район, проспект Сүйінбай, 258В. Для подробной информации обращаться по телефону +7 707 336 60 77. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения».

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e.mail: 329267eco@mail.ru Почтовый адрес: 040000, г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Контактные телефоны: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Гриффин Логопарк Алматы» ЖШС ЭК 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2024 жылғы 2 желтоқсаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық порталда ([Ecportal.kz](https://ecportal.kz)) «Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке а/о, Байсерке ауылы, Байсерке ауылдық округінің әкімшілік-аумақтық шекарасы жерлеріндегі уч., 77К уч. мекенжайы бойынша «А» класты логистикалық паркін салу және оған қызмет көрсету» жұмыс жобасына жасалған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда ([Ecportal.kz](https://ecportal.kz)) танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Гриффин Логопарк Алматы» в соответствии с требованиями п.2 ст.58 и п.1 ст.73 ЭК РК, сообщает о том, что в период со 2 декабря 2024 года в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале ([Ecportal.kz](https://ecportal.kz)) будет проводиться общественное слушание в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство и обслуживание логистического парка класса «А» по адресу: Алматинская область, Илийский район, Байсеркенский с/о, с. Байсерке, уч. в административно-территориальной границе Байсеркенского сельского округа, уч. 77К».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале ([Ecportal.kz](https://ecportal.kz)) для предоставления замечаний и предложений.

В связи со смертью **Шульц Александра Адамовича**, умершего 21. 06. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо до 20 декабря обратиться к нотариусу А. А. Алдамуратовой по адресу: с.Отеген батыр, ул. Титова, 16 а, здание АО «Казпочта».

В связи со смертью **Джампеисова Талгата Оразбаевича**, умершего 29. 06. 2024 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. К. Жолдасбаеву по адресу: с. Жетыгын, ул. Уалиханова, 98.

В связи со смертью **Чатуевой Шушан Каримовны**, умершей 14. 06. 2024 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

## ЖОФАЛТУ

Мен, **Өбдіғани Дулат Бақытжанұлы**

ЖШС-нің 2024 жылы қараша айының 16 жұлдызы күні Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылының Биля базарында маған белгісіз жағдайда әмиянымды және қызметтік куәлігімді ұрлатып алдым. Тауып алған жағдайда қайтарып берулеріңізді сұраймын. Байланыс тел: 8 705 670 20 00.

Утеранный договор купли-продажи №2656 от 08.10. 2020 года, на имя Сапарғалиевой Сании Тлектесовны, считать недействительным.

жастарға үлгі болатынына ерекше тоқталды.

## САХНА СЫРТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҚТАР

Фильмнің түсірілімі барысында болған қиындықтар мен қызықтар да сөз болды. Диас Төлепберген өз рөлін сомдау барысында ұлттық күрестің техникаларын меңгергені айтып, Қажымұқан рөліне дайындалудағы күрделі процесті сипаттады. Студенттерге актерлік шеберліктің шыңына жету үшін көп күш, табандылық пен шыдам қажет екенін түсіндірді. Сонымен қатар, Қанағат Мұстафин тарихи кезеңді көрсету үшін костюмдер мен декорацияларға ерекше назар аударғанын жеткізді.

## КИНО МЕН ТАРИХТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Кездесу барысында студенттер тарих пен өнерді үйлестірудің маңыздылығы туралы пікір алмасты. Мұндай туындылар жастардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, отаншылдық сезімдерін де оятады. Қонақтар фильмнің тарихи дәлдігіне ерекше мән берілгенін, тарихи тұлғаларды таныту – үлкен жауапкершілік екенін атап өтті.

## СТУДЕНТТЕРГЕ ШАБЫТ СЫЙЛАҒАН КЕЗДЕСУ

Кездесу барысында студенттер де өз сұрақтарын қойып, фильм туралы қызықты деректер мен оқиғалармен танысты. Бұл іс-шара болашақ журналистерге өздерінің кәсіби жолында ұстанатын бағытты қалыптастыруда, отандық кино мен мәдениетке қызығушылық арттыруда үлкен әсер етті.

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде өткен бұл кез-

## КЕЗДЕСУ ЖАСТАРҒА ШАБЫТ СЫЙЛАДЫ



ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Қажымұқан» фильмінің түсірілімі туралы танымдық кездесу өтті

Қараша айының 5-інде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде «Қажымұқан» фильмінің режиссері Қанағат Мұстафин мен актер Диас Төлепберген қатысқан ерекше кездесу өтті. Кездесуге факультет студенттері мен оқытушылары қатысып, фильмнің түсірілу барысы мен шығармашылық үрдісі туралы мол ақпарат алды.



десуден кейін студенттер мен оқытушылар «Қажымұқан» фильмінің режиссері мен актеріне өз алғыстарын білдіріп, естелікке суретке түсті.

Жаңылша ТАМАБАЙ,

ҚазҰУ-дағы журналистика факультетінің 3-курс студенті

## КИНОКАРТИНАНЫҢ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РЕЖИССЕРДІҢ КӨЗҚАРАСЫ

Қанағат Мұстафин фильмнің идеясы мен мақсаттары жайлы әңгіме қозғады. Фильм қазақ халқының батыры Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірінен сыр шертеді, ал басты мақсаты – көрермендерді ұлттық рух пен тарихқа қызығушылыққа ынталандыру. Кинотуындының басты кейіпкері Қажымұқанның күш-жігері мен өмірдегі күресі

## НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Колесникова Игоря Валерьевича**, умершего 29. 09. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Караой, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Караойского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью **Алибек Нургелді Алмасұлы**, умершего 28. 05. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Караой, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Караойского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью **Ефимовой Сауле Асылбековны**, умершей 23. 05. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Караой, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Караойского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью **Надкерничный Сергея Ивановича**, умершего 31. 10. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. Д. Салпекову по адресу: с. Чапаев, 3 мкр. дом №3.

В связи со смертью **Жетыбаева Габита Еркеновича**, умершего 24. 09. 2024 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. Д. Салпекову по адресу: с. Чапаев, 3 мкр. дом №3.

В связи со смертью **Шинкаренко Александры Марковны**, умершей 05. 08. 2002 года, всем заинтересованным лицам не-

Меншік иесі: «Іле таны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,  
№КЗ30VPY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №48 Осы шығарылымның таралымы - 6880